ІВВ 3210 Инклюзивті білім беру	Инклюзивті білім берудің қағидалары, философиялық және әдіснамалық негіздері туралы түсініктерін қарастыру, инклюзивті білім берудің құқықтық-нормативтік қамтамасыздандыруда кездесіп отыратын кедергілерін жою, ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-	ON -2 ON 4 ON 11 ON 12

	педагогикалық қолдауға байланысты заманауи модельдері туралы түсініктері мен инклюзивті тәжірибе ұйымдастыруды үйретеді.	
MT 1211 Музыка теориясы	Музыка теориясының негізгі заңдылықтарын ашады, музыка саласындағы білімнің тұтас жүйесін, музыка композициясының ережелері мен принциптерін қалыптастырады. Білім алушыны музыкалық-теориялық білімді оқуға үйретеді, музыкалық нотаны дұрыс түсінуге, дыбыстардың қасиеттерін сипаттауға, интервалдар мен аккордтар қызметін, модуляция мен секвенцияның түрлерін, транспозициялау арқылы тоналдіктің нақты функцияларын үйретеді.	ON 1 ON -2 ON 3 ON 12
Soll 1212 Сольфеджио	Музыканың есту, есте сақтау, ырғақты сезіну қабілеттерін дамытады. Интервалдарды, аккордтарды, нота бойынша әуендерді таза айтуға, дирижерлау тәсілдері мен дағдыларын дұрыс қолдануға бағыттайды. Ноталық сауаттылығын дирижерлау тәсілі бойынша дұрыс айту қарастырылады. Алған білімдерін ұштастыра отырып, дирижерлаудың үлестерін үйренеді.	ON 1 ON -2 ON 3 ON 12
OTP 1213 Оқу (танысу) практикасы	Болашақ музыка мұғалімі ретінде кәсіби жеке тұлғаны-тәрбиелейді. Музыкалық оқу-тәрбие жұмыстарын жоғары дәрежеде өткізуге қажетті кәсіби іскерліктері мен дағдыларын үйретеді. Музыкалық іс-әрекеттерін шығармашылық бағыттында жүргізу, білім алушыларды оқу-таныстыру іс-тәжірибе алуға баулиды. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыс жоспарының жүргізу бағытын игертеді.	ON 1 ON -2 ON 10 ON 12 ON 13 ON 15
МПОА 3214 Музыка пәнін оқыту әдістемесі	Музыкалық білім беру саласындағы жалпы теориялық негіздерді, оқыту әдістемесін, оқушыларға сыныптан тыс уақыттағы жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру түсіндіріледі. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сай мектепте музыкалық білім беруді жоспарлау әдістемесінің теориялық негіздерін меңгертуге ықпал етеді. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін көрсетеді.	ON 1 ON -2 ON 10 ON 12 ON 13 ON 15
MARP 3215 Музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі (хорды дирижерлау)	Хор партияларын оқу, мектеп репертуары, халық әндері, дүниежүзілік хор өнеріндегі шығармаларды сипаттайды. Хормен жұмыс жасау барысында топтарды ұйымдастыру мен дайындық жұмыстарының әдіс-тәсілдерін үйретеді, орындаушылық - дирижерлық шеберлігіне үйретеді.	ON 1 ON -2 ON 8 ON -13

<p style="text-align: center;">НКНЗҺР 1216 Хор класы және хормен жұмыс практикумы</p>	<p>Шығарманы көркем орындау үшін барлық вокалды дағдыларды үйретеді. Музыка мұғалімінің кәсіби орындаушылық шеберлігін дамыту арқылы рухани мәдениеттілікке тәрбиелей отырып, хормен жұмыс жасау әдістерін түсіндіреді. Хордағы дыбыс тазалығының негіздерін, вокалдық-хор жанрының шығармаларының талдау әдістерін зерттейді. Вокалды–хор техникасын жүргізуде хор шығармаларына теориялық тұрғыда талдау жасайды.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON11</p>
<p style="text-align: center;">НУ 1216 Хор үйлестіру</p>	<p>Хорды басқару және хор үндестігінің негіздерін оқытады, дирижердың өз бетінше қызметінің теориялық ноталық сауаттылығын және әдістемелік дайындығын түсіндіреді. Хор ұжымындағы вокалдық орындаушылық шеберліктің әдістерін меңгертіп, хордың типі, түрі, вокалдық ән айту дағдыларын, дауыс үйлесімділігін қадағалап, хордағы дауыс тазалығын, құрылымын, көркемдік интонациясын, дикциясын үйретеді.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON11</p>
<p style="text-align: center;">НГ 1216 Хор жүргізу</p>	<p>Хор өнері саласының өсіп дамуынан бастап, ән салу дағдысын, көрнекті хор өнері саласының дирижерлары және композиторлар туралы, сонымен қатар хорды жүргізудің теориясы жөнінде білім алады. Теориялық және практикалық білім бойынша алынған дағды мен біліктілікті білім алушыға кәсіби деңгейде үйретеді.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON11</p>
<p style="text-align: center;">Вокалды хор ансамблі Vok HA 1217</p>	<p>Хор ұжымымен жұмыс жүргізуде орындаушылық біліммен қаруландырады, хор өнерінің таңдаулы шығармаларымен жұмыс жүргізеді. Білім алушыларға вокалды-хор дағдыларын игереді, шығарманы кәсіби деңгейде орындауды үйретеді, қазақ, орыс және шетел композиторларының вокалды-хор өнерінің таңдаулы шығармаларымен, хорға әндермен таныстырып, практикалық жұмыс жүргізуге дайындайды.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON11</p>
<p style="text-align: center;">НА 1217 Хор ансамблі</p>	<p>Музыка сабақтарында жалпы білім беретін мектепте хормейстерлік және дирижерлік дайындықты дайындайды. Мектептегі музыка сабақтарында, бос уақыт іс-шараларында хор репертуарының музыкалық шығармаларын талдайды. Хор ұжымымен, жекелеген қатысушыларымен, хор партияларымен жұмыс жасауға баулиды.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON11</p>
<p style="text-align: center;">АО 1217 Ансамбльдік орындау</p>	<p>Студенттердің ән салудағы дауыстың тазалығы, үйлесімділігі арқылы шеберліктері мен дағдыларын дамытады, ансамбльмен жұмыс істеу әдістерін үйретеді. Таза айту дағдыларын (бір дауысты және көп дауысты) музыкалық есту, тыңдау, есте сақтау қабілеттерін айқындайды.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON11</p>

<p>DSh 2218 Дирижерлық шеберлік</p>	<p>Орындаушылардың ансамбльдік үйлесімі мен орындаушылық шеберлігін қамтамасыз етіп, шығармаға өзінің көркемдік түсінігін беруге талпындырып, музыкалық шығармаларды орындаушылар тобын басқаруды үйренеді. Музыкалық шығармалардың екпініне, динамикалық ырғағына бет құбылысы (мимико), қол қимылдары арқылы дирижердың іс-әрекетін сипаттайды.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON 11</p>
<p>HB 2218 Хорды басқару</p>	<p>Музыкалық шығарманың құрылысы, стилі, жанры, композиторы туралы мағлұмат береді. Музыканың көркемдік құралдары: екпін, ырғақ, тембр, интонация, гармонияның ерекшеліктерін талдай біліп, аспапта хор партитурасын сауатты ойнап, дыбыс жүргізу негіздерінің және шығарманың көркемдік мәнін ашудағы түрлі әдістерін игертеді.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON 11</p>
<p>HP 2218 Хор практикасы</p>	<p>Қозғалыстың еркіндігі-шығарманың эмоционалдық күйіне байланысты дирижердың өлшемдік схемаларға ыңғайлы жесттер (үлестер) түрлерін үйренеді. Дыбыстың тазалығы, дәлдігі, такт ішіндегі қол-қимыл серпілісінің өлшем ұзақтығына сәйкес келуі, қатты және әлсіз үлестерінің анық көрсетілуі мен әрқайсыларының өзіндік мақсат-міндеттерімен ерекшеленеді. Шығарманың әртүрлі техникалық және көркемдік тәсілдерін хор ұжымын басқаруда дирижерлық дағдыларды үйретеді.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON 11</p>
<p>BH 2219 Бірлескен хор</p>	<p>Хор өнері теориялық білім берумен қатар музыкалық сауат, сольфеджио сабақтарын саналы түрде меңгеруге көмектеседі. Вокалды-хор жүргізу дағдыларының қалпын, хор шығармаларының құрылым ерекшеліктерін, хор партияларының байланысын көрсетеді.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 13 ON 15</p>
<p>GH 2219 Жиынтық хор</p>	<p>Музыкалық шығарманың көркем-мәнерлі орындауындағы тәсілдерін қолданады және хордағы дыбыс тазалығының дұрыс шығуына дағдылар мен іскерліктерді сипаттайды. Шығармаларды дирижерлау үлестерін, жұмсақ, еркін, үйрену арқылы дирижерлық қимылдардың негізгі принциптерін анықтайды.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 13 ON 15</p>
<p>AN 2219 Аралас хор</p>	<p>Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби орындаушылық шеберлігін дамыту арқылы рухани мәдениеттілікке баулиды. Хормен жұмыс жасау процесін ұйымдастырады, музыка мұғалімінің оқыту- әдістемелік, және вокалды – хор техникасын үйретеді. Күрделі жанрда, стильде жазылған хор шығармаларына талдау жүргізеді.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 9 ON 13 ON 15</p>

HD 3220 Хорды дирижерлау	Ән мұғалімін эстетикалық тұрғыда тәрбиелей отырып, студенттерді сабақта да, сабақтан тыс жұмыстарды оқушылармен вокалды-хор жұмыстарын жүргізе отырып, оларды ұйымдастыра білуге баулиды. Хор партитурасының фортепианода ойналуы, дирижерлық техника, сөз бен әуеннің үйлесіп айтылуы) сабақта және сыныптан тыс жұмыста балалар хорымен жұмыс істеу үшін репертуар жинауға және таңдай білуге үйретеді.	ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON11
DE 3220 Дирижерлық ету	Дирижердың ән салу шеберліктері мен дағдыларын дамытады, хормен жұмыс жасау әдістерін меңгертуге үйретеді. Дирижерлық ету партитураны іштей интонациолауды, шығарманың кәсіби орындалуына вокалды-хор талдауын жасайды, негізгі әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, хорды басқаруға бейімдеу дағдыларына баулиды.	ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON11
DT 3220 Дирижерлық техника	Дирижерлау техникасын жетік меңгеру, хорға арналған репертуарды талдау және жаттау, оны хорға лайықтап өңдеу, дирижерлық тәсілдерді меңгеру мақсаттары қарастырылады. Барлық музыкалық өлшемдермен танысып, схемаларды көрсете білу қабілетін музыкалы-эстетикалық және өзіндік ерекшелігін айқындайды.	ON 1 ON -2 ON 9 ON 10 ON11
OK 3221 Оркестр класы	Оркестрде ойнау дағдыларын меңгертуге, ұжымдағы ойынның орындаушылық шеберлігі техникасының негіздеріне ықпал етеді. Барлық оркестр дауыстарының дыбысталуын есту қабілеті мен музыкалық қызметтің жүргізілуін зерттейді. Дайындық жұмыстары, концерттік қызмет дағдыларын жетілдіреді. Оркестрді басқаруда тәжірибелік дағдыларды шыңдайды.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
AK 3221 Ансамбль класы	Мектептегі музыкалық репертуарды таңдау саласында музыкалық әдебиетті оқиды. Негізгі бөлімдердің мазмұнын талдайды: Музыкалық білім берудің мақсаттары мен міндеттері, музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің мәні, түрлері мен ерекшеліктерін көрсетеді. Фортепианода, домбырада, баянда, қобызда ойнауды үйренеді. Көркемдік, музыкалық бейнелерді жасау мақсатында орындаушылық шеберлік дағдыларына үйретеді.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
FA 3221 Фольклорлық ансамбль	Қазақстан композиторларының шығармашылығының музыкалы-стилдік түрлері мен ұлттық музыка мәдениетінің жетістіктерін және жеке шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін сипаттайды. Музыкалық шығармаларға талдау жасайды, көне музыкалық аспаптардың шығу	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13

	тарихымен таныстырады, кәсіби шығармашылық іс-әрекеттерін түсіндіреді.	
NMA 3222 Негізгі музыкалық аспап (фортепиано, баян, аккордеон, домбыра, қобыз)	Музыкалық білімнің негізгі түсініктерін, заңдарын және теориясын білу, жеке-дара сабақтарының түрлері әр студенттің мүмкіндігіне назар салып, жан-жақты зерттейді. Музыкалық алған білімдеріне, іскерліктеріне және дағдыларына сүйенеді. Музыканы оқытудың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, музыкалық домбыра, баян, фортепиано, қобыз аспаптарын шебер ойнау арқылы дағдыланады. Кәсіби дайындығының деңгейі мен орындаушылық шеберлігі анықталады.	ON 1 ON -2 ON 7 ON 12
NMA 3222 Негізгі музыкалық аспап (Домбыра)	Халық күйлерін, шығармаларын ұлтымыздың домбыра аспабында насихаттай алатын жастарға эстетикалық тәлім-тәрбие береді. Музыка мәдениетіне өз үлесін қоса алатын білімді шебер орындаушыны дайындайды. Жоғары музыкалы есту қабілетіне тәрбиелейді, аспапты шебер, кәсіби деңгейде ойнауға үйретеді.	ON 1 ON -2 ON 7 ON 12
MA 3222 Музыкалық аспаптар	Білім алушыға музыкалық аспаптардың шығу тарихы мен орындаушылық әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктерін үйретеді. Ноталарды бірден оқу дағдыларына бейімдейді және аспапта орындау шеберлігін шыңдайды. Музыка аспаптарының орындаушылық ерекшеліктерімен таныса отырып, толық ойнаудың қыр-сырын зерттейді.	ON 1 ON -2 ON 7 ON 12
FMA 3223 Фольклорлық музыкалық аспаптар	Студенттердің музыкалық-фольклорлық аспаптарда шығарманы эмоциялық тұрғыда сезініп, дұрыс түсініп, творчестволық мәнде ойнау қабілетін дамытады. Әрбір музыкалық аспаптардың орындалу ерекшеліктерін танып, талдай білуге, кез-келген көне музыкалық аспапта ойнай алатын қабілетті кәсіби орындаушылығын арттыруға мүмкіндік береді.	ON 1 ON -2 ON 7 ON 12
DK 3223 Домбыра класы	Домбыра репертуарындағы музыкалық шығармаларды меңгереді. Орындаушылық шеберлікті шыңдай отырып, музыкалық шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін жеткізеді, нотаны бірден оқып үйренеді, өз бетінше жұмыс жасауды біртіндеп қалыптастырады және күйлердің шығу тарихын, ойнау ерекшеліктерін дамытады.	ON 1 ON -2 ON 7 ON 12
KK 3223 Қобыз класы	Қазақ халқының тарихи-этникалық мәдениетінің, эпостық және аспаптық музыкалық өнерін күні бүгінге дейін сақтап жеткізуші ұлттық мұра болып табылады. Қобыз аспабында ысқышпен әр түрлі штрихтардың, позициялардың, саусақ қойылымдарының ойнау әдіс-тәсілдерін үйретеді.	ON 1 ON -2 ON 7 ON 12

<p>КК 4224 Концертмейстерлік класс</p>	<p>Концертмейстерлік класс теориялық негіздерімен таныстырады, мүмкіндіктерін айқындайды. Концертмейстерлік-орындаушылық саласындағы теориялық білімдерді игерту, әнді өз сүйемелінде орындай білу, жеке әнші мен ансамбльді сүйемелдеу дағдыларын үйретеді. Музыка пәні оқытушысының өз концертмейстерлік шығармашылық іс-әрекетінде тәжірибелер жинақтауға көмектеседі. Мектеп репертуарына әдістемелік теориялық және орындаушылық тұрғыдан сипаттама жасайды.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 11 ON 15</p>
<p>FBK 4224 Фортепианоның бастапқы курсы</p>	<p>Шығарманы фортепиано аспабында ойнаудың алғашқы тәсілдерін қарастырады, музыкалық тілдің, ладтың, ритмикалық элементтердің, гармоникалық біртіндеп күрделену принципіне негізделген. Техниканың біртіндеп өсуіне ықпал етеді. Білім алушыны фортепиано аспабының алғашқы құрылысымен таныстырады. Қарапайым әуендерді оң қол, сол қолдың көмегімен ойнауды түсіндіреді.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 11 ON 15</p>
<p>MShS 4224 Музыкалық шығармаларды сүйемелдеу</p>	<p>Музыкалық шығармаларды сүйемелдеу пәні музыкалық шығармалардың жанрын, стилдік ерекшеліктерін, мазмұны мен формасын талдауға негізделеді. Музыкалық шығарманың мән-мағанасын толық ашып көрсетеді, жанрлық негізін айқындайды. Музыканы сүйемелдеу барысында романс, ария, ән жанрларын толық қамтиды.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 11 ON 15</p>
<p>Ash 4225 Аспаптық шеберлік</p>	<p>Аспаптық шеберлік дағдыларының әртүрлі формаларымен таныстырады. Білім алушыларға аспапта ойнаудың түрлі әдіс-тәсілдерін түсіндіреді. Жалпы білім беретін мектептің музыка пәні мұғаліміне, өз жұмысын жоғарғы кәсіби деңгейде жүргізу үшін аспапта ойнау шеберліктерінің қыр-сырын танып-білуге үйретеді.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 7 ON 12</p>
<p>Osh 4225 Орындаушылық шеберлік</p>	<p>Музыкалық аспапта ойнауды, әртүрлі стилдегі орындаушылық дәстүрлерді және орындаушылық мектептерді біледі, шығармаларда кездесетін әдіс амалдарды жетік үйренеді. Музыкалық шығармаларды нота сауатымен оқиды және өз бетімен дайындау арқылы орындаушылық репертуарын таңдау дағдыларын игереді.</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 7 ON 12</p>
<p>AMA 4225 Арнайы музыкалық аспап.</p>	<p>Музыкалық білімінің ғылыми қалыптасқан қағидалары мен тәсілдерін жазып, оқуға әндердің, аспаптық музыканың, композиторлар шығармаларының тарихын зерттеуге үйретеді. Ұлттық музыка мәдениетінің жетістіктерін және жеке шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін сипаттайды. Қарапайым және күрделі музыкалық</p>	<p>ON 1 ON -2 ON 7 ON 12</p>

	шығармаларды талдайды.	
MBBA 3301 Музыкалық білім беру әдіснамасы	Әдіснамалық дәрежеде өз бетімен білім алуға қажеттілікті жетілдіру, алған білімдерін практикада қолдану, жалпы білім беретін мектептің әр сыныптарында музыкадан бағдарламаларды жүзеге асыруда қызығушылықтарын, бейімділіктерін ескере отырып, музыкалық жұмыстардың әдістемелерін меңгеруге көмектеседі. Өз тәжірбиелерін жинақтау үшін шығармашылық ізденуіне мүмкіндік туғызады.	ON 1 ON -2 ON 10 ON 12 ON 13 ON 15
MARP 4302 Музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі(Негізгі музыкалық аспап)	Түрлі жанрдағы, стильдегі, формадағы педагогикалық репертуардың аспаптық шығармаларын орындау шеберлігін жетілдіреді. Мәнерлілік құралдарын, техникалық тәсілдерді, музыкалық шығармалар парағынан бірден оқуға дағдыланады. Домбырада, қобызда, баянда ойын негіздерін, сондай-ақ фортепианода ойнау дағдыларын меңгертеді. Дыбыс шығарудың түрлі тәсілдерін, фразалау, педализацияның негізгі принциптерін үйретеді.	ON 1 ON -2 ON 7 ON 12
Vok 4303 Вокал	Болашақ музыка мұғалімінің ұстаздық қызметте дауысты шебер пайдалана білуге қажетті әншілік дағдыларын игертеді. Дауысты вокалдық, техникалық жағынан жетілдіреді. Музыка пәні мұғалімдерін көркем орындаушылыққа тәрбиелейді. Ән айту барысында вокалдық шеберлік негіздерін, тыныс алу, әндету аппаратын шыңдайды. Ән айтуда дауыс аппаратының ерекшелігі және вокалдық әдістеменің негіздерін, орындаушылық мәдениетті, жеке және ансамбльде ән айту өнерінің түрлі бағыттарын үйретеді.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
P(P)2(3)304 Педагогикалық практика (үзіліссіз)	Музыкалық білім берудің мәселелерімен байланысты білімдерді меңгертеді. Музыканы нотадан бірден оқу, дыбыспен тыңдау, жеке әнді сүйемелдеу, өз бетімен шағын шығармаларды айтуда практикалық білімін жетілдіреді. Ойларын жеткізу, әр түрлі қазақтың ұлттық-музыкалық классиктерімен, жаңа шығармаларымен жұмыс істеуге баулиды.	ON 1 ON -2 ON 10 ON 12 ON 13 ON 15
ОРОР 4305 Өндірістік (педагогикалық) /дипломалды практика (сала бойынша)	Бітірушінің тұтас педагогикалық процесті жүргізуге және басқару дайындығын қалыптастыруға негізделеді. Оқушы тұлғасын қалыптастыру және диагностикасын жүргізу үшін жалпы педагогикалық білім, іскерлік, дағдыларды жетілдіруге бағытталады. Педагогикалық, ғылыми зерттеулердің методологиясы мен әдістерін анықтайды. Практикада теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерін ұтымды,	ON 1 ON -2 ON 10 ON 12 ON 13 ON 15

	орынды қолдана алуға бейімдейді. Білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделей отырып, білім ортасын зерттеуге, оқытудың қажеттілігі мен қиыншылықтарын, білім алушылардың жеке ерекшеліктерінің диагностикалау нәтижесін талдауға машықтандырады.	
DK 4306 Дауыс қою	Музыкалық білім берудің мәселелерімен байланысты білімдерді меңгертеді. Музыканы нотадан бірден оқу, дыбыспен тыңдау, жеке әнді сүйемелдеу, өз бетімен шағын шығармаларды айтуда практикалық білімін жетілдіреді. Ойларын жеткізу, әр түрлі қазақтың ұлттық-музыкалық классиктермен, жаңа шығармаларымен жұмыс істеуге баулиды.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
DK 4306 Дауыс қалыптастыру	Әншілік тыныс алудың негізгі ережелерін пайдалана отырып, дауыста вокалды – техникалық жағынан жетілдіреді. Резонаторлар және артикуляциялық аппарат жұмыстарын қамтиды. Студенттердің вокалды – педагогикалық білімін нығайта отырып, академиялық ән салу мәнерінің әдістемесін үйретеді.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
DA 4306 Дауыс айқындау	Әншінің әншілік дағдыларын ұстаздық қызметте дауысты шебер пайдалана білуге үйретеді. Дауысты вокалдық, техникалық жағынан жетілдіреді. Музыка пәні мұғалімдерін көркем орындаушылыққа тәрбиелейді, әртүрлі сипаттағы вокалдық шығармалар мен мектеп әндерін көркем орындаудың негізгі заңдылықтарын игереді.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
MARBP 4307 Мектеп ән репертуары бойынша практикумы	Әрдайым шеберлікті жетілдіріп, шыңдап отыру, көркем-идеялық мазмұны мен стилі әр түрлі мектеп әндерінің репертуарын толықтырып отырады. Музыка сабақтарын талапқа сай жүргізуде дұрыс репертуар таңдауға үйретеді. Орындаушылық, музыкалы шығармашылық жұмыстарды табысты орындай алатын кәсіби тұрғыда дайындауға ықпал етеді.	ON 1 ON -2 ON11 ON 15
ABGIA 4307 Ән бойынша жұмыс істеу әдістемесі	Ән айтудың вокалдық дағдыларын жас ерекшеліктеріне қарай дауыстарға бөлуді үйретеді. Пәнді оқыту барысында студенттердің әнге деген талпынысын арттырады, жеке орындауда өзін тәрбиелейді. Әндерді орындау барысында дауыс диапазоны мен дикцияны таза анық сөйлеуге бағыттайды.	ON 1 ON -2 ON11 ON 15
MAT 4307 Мектеп әндерін талдау	Мектеп әндерін вокалдық және әдістемелі-теориялық тұрғыда талдайды. Сопрано, альт, ерлер партияларымен жұмыс жасайды. Вокалды-хор міндеттерін меңгеру нәтижесіндегі алған білімдерін мектептерде және	ON 1 ON -2 ON11 ON 15

	бала бақшаларда қолданады. Студенттерді кәсіби мамандыққа даярлаудағы іс-әрекетін шындайды.	
КМА 4308 Қосымша музыкалық аспап (фортепиано)	Қосымша музыкалық аспапта, фортепианода ойнау шеберлігі мен дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді. Музыкалық шығарманы меңгеру барысында аспапта ойнау әдістемесін зерттейді. Ноталық мәтінді бірден оқу техникасы мен гамма, этюд, арпеджио түрлерін орындау қарастырылады.	ON 1 ON -2 ON 7 ON 12 ON 13 ON 14
ВК 4308 Баян класы	Жеке музыкалық аспапта орындау өнерін жетік меңгереді. Білім алушыларға мех, позиция арқылы жұмыс жасауды үйретеді. Музыкалық шығармаларда кездесетін әдіс амалдарды жетік меңгертеді. Музыкалық шығармаларды өз бетімен дайындау және орындаушылық репертуарын таңдау дағдыларын жетілдіреді.	ON 1 ON -2 ON 7 ON 12 ON 13 ON 14
АК 4308 Аккордеон класы	Музыкалық аспапты дұрыс ойнай білуді, музыкалық шығармаларды мазмұнына сай екпіндер мен әдістерді жетік білу, түрлі орындаушылық дәстүрлерді меңгеруге ықпал етеді. Түрлі орындаушылық дәстүрлермен қалыптасқан мектептерді ескере отырып, әрдайым шеберлікті жетілдіріп отырады.	ON 1 ON -2 ON 7 ON 12 ON 13 ON 14
	Қосымша білім беру модулі (Минор) 1	
MPGMOT 3309 Музыка пәнін жаңаша мазмұнда оқыту технологиялары	Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға міндеттеледі. Қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді. Білім сапасын арттыруда мұғалім тұлғасының өздігінен дамуына, оның шығармашылық қабілетінің артуына мүмкіндігін жетілдіруді қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану көзделеді.	ON 1 ON -2 ON 5 ON 6 ON 11
ММВ 3309 Мектептегі музыкалық білім	Музыкалық білім беру саласындағы жалпы теориялық негіздерді, оқыту әдістемесін, оқушыларға сыныптан тыс уақыттағы жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру түсіндіріледі. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сай мектепте музыкалық білім беруді жоспарлау әдістемесінің теориялық негіздерін меңгертуге ықпал етеді. Теориялық,	ON 1 ON -2 ON 5 ON 6 ON 11

	ғылыми педагогикалық зерттеулерді жүргізу әдістерін көрсетеді.	
КМ 3309 Кәсіби музыка	Педагогикалық әлемде жаңа мүмкіндіктер туғызады және қарым-қатынастың жаңа, музыкалық мәдениетін, оның қоғамдағы ролін арттырады. Өзіндік инновациялық іс-әрекетті музыкалық-педагогикалық шығармашылықтың құрамдас бөлігі ретінде бағалайды. Ол кәсіби тұрғыдан өсіп, өзін ұстаз-музыкант ретінде жетілдіреді. Озық тәжірибені зерделеу мен дамытуға жауапкершілікпен қарайды.	ON 1 ON -2 ON 5 ON 6 ON 11
КМФ 4310 Қазақ музыкасының фольклоры	Фольклортану қазақ халқының көне дәуірінен зерттеліп келе жатқан бүгінгі мәдениетімізге, өмірімізге енген мұраның тарихи-ғылыми маңызыдылығын айқын түсіндіреді. Фольклорлық мұраның халықтылығын, ұлттық рух санамызға сіңірудегі қызметін, тарихилығын, поэтикасы мен этникалық сипатын өскелең ұрпаққа дәріптейді.	ON 1 ON -2 ON 6 ON 8
МУ 4310 Музыкалық этнография	Этнография ғылымының танымдық категорияларына сүйене отырып, музыкалық фольклор қазақ халқының музыкалық мәдениетін тарихи-әдіснама негізінде қарастырады. Музыкалық фольклордың тұрмыс-салтқа байланысты салттан тыс фольклор үлгілерін, өнердің синкреттік сипатын, музыкалы-эпикалық дәстүрді, халық әндерінің жанрлық-көркемдік сипаттарын, халық аспаптарының дыбыс шығару ерекшеліктері, көркемдік мүмкіндіктері, атауларының этимологиясы мен семантикасын анықтайды.	ON 1 ON -2 ON 6 ON 8
ЕМ 4310 Этнофольклорлық музыка	Этнофольклор халық музыкасының туу, даму ерекшеліктеріне байланысты, көне аспаптар туралы мағлұмат береді. Әлеуметтік және мәдени құбылыстардың сыр-сипатын игеріп, жекеленген музыкалық трактаттардың мән-маңызын ашып көрсетеді. Ұлттық музыканың этнофольклорлық тарихының жолын, музыкалық жанрлар мен формаларын игереді. Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды дайындаудың негіздерін қарастырады.	ON 1 ON -2 ON 6 ON 8
ЕДКМ 3311 Ежелгі дәуірдегі қазақ музыкасы,	XIX және XX ғасырдың басындағы қазақ музыкасының тарихын, музыкалық мәдениеттің тарихи даму кезеңдерін сипаттайды. Кәсіби қазақ музыкасының, қазақ халық шығармашылығының пайда болуы мен дамуын зерттейді. Ежелгі түрік кезеңінің музыкалық мәдениетінің ерекшеліктерін талдайды. Қазақ халқының музыка мәдениетінің шығармаларын түсіндіреді.	ON 1 ON -2 ON 11

АМТ 3311 Әлемдік музыка тарихы	Әлемдік музыка өнері тарихының негізгі кезеңдерін, оның ерекшеліктері мен көрнекті қайраткерлерін қарастырады. Музыкалық өнердің әртүрлі стильдік тенденциялары мен шығармашылық құбылыстарының тарихи дамуы, жанрлардың, формалардың, нақты тарихи-мәдени контекстпен ашады. Музыкалық материалды өз бетінше игеру және талдау қабілетін дамыту үшін әлемдік музыкалық мәдениет туралы жаңа идеяларға бағыттайды.	ON 1 ON -2 ON 11
ОТ 3311 Өнер тарихы	Өнердің пайда болуынан бастап қазіргі заманға дейінгі даму үрдісін зерттейді. Өнер тарихының негізгі кезеңдерін, оның ерекшеліктері мен көрнекті қайраткерлерін қарастырады. Музыкалық өнердің әртүрлі жанрларының, формаларының, стильдік тенденциялары мен шығармашылық құбылыстарының тарихи дамуын ашады. Музыкалық материалды өз бетінше игеру және талдау қабілетін дамыту үшін әлемдік музыкалық мәдениет туралы идеяларды зерттейді.	ON 1 ON -2 ON 11
Қосымша білім беру модулі (Минор) II		
ЕААН 3312 Эстрадалық ән айту негіздері	Эстрадалық ән айту дағдылары мен стильдік өркендеу жолдарын электронды жүйеде таныстырады. Заманауи музыкадағы әндер эстрада музыкасы: джаздық, рок, поп түрлерін сипаттайды. Эстрадалық ән айту мәдениет пен өнер өзара толықтырылып, идеялық көзқарасты көркемдік тұрғыда насихаттайды.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
КГМ 3312 Қазіргі заманғы музыка	Қазіргі заманғы музыка өнерінің шығармашылық бағыты замануи түрде көрсетіледі. Репертуар таңдау арқылы білім алушылардың музыкалық білімін жетілдіруде, сапалы түрде білім мен эстетикалық тәрбие беруде вокалдық шеберлігін шыңдауда, музыкалық талғамын жетілдіруге ықпал етеді.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
КЕАО 3312 Қазақтың эстрадалық әншілік өнері	Эстрадалық ән орындауда тірекпен ән айту, дауыс регистрлерін тегістеу, түрлі дыбыс шабуылдарын меңгеруі, дыбысты жүргізудің түрлі тәсілдерін пайдалану, артикуляциялық аппараттың реттелгендігі, әнді театрландыру әртістігі, сахналық бейне, даралық пен жұмыс жасау проблемаларын шешу үшін алған вокалдық білімімен түсінігін шығармашылық тұрғыда пайдалану, көпшілік алдында өнер көрсету мақсатында дыбыс аппаратурасымен жұмыс жасау жолдары қарастырылады.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
ДААН 4313	Дәстүрлі ән айтуда дауыс аппараты, таза, анық сөйлеу дикциясының	ON 1 ON -2

Дәстүрлі ән айту негіздері	ережесін сақтаудың әдіс-тәсілдерін үйретеді. Аспаптың сүйемелдеуімен әр аймақтың ән айту мақамымен жұмыс жүргізеді. Дәстүрлі ән айту мектептері, танымал әншілердің репертуарын тыңдайды, талдайды. Орындау стилі, дыбыстау ерекшеліктері, техникасы мен мәнерлеу тәсілдеріне сипаттама береді. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратады. Танымал жыршы, термешілер шығармаларын талдайды.	ON 12
DM 4313 Дәстүрлі музыка	Музыкалық аспапта ойнауды үйрету, жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын музыкалық өнерге баулиды. Белгілі бір музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен ән айту қабілетілігін арттырады. Қазақ этносының қалыптасу кезеңінде пайда болған ірі эпикалық жыраулар орындауындағы жырлар, термелер әртүрлі дәстүрлермен байланысты болған халық музыкасы насихатталады.	ON 1 ON -2 ON 12
DAAO 4313 Домбырамен ән айту өнері	Орындаушылық шеберлікті шыңдау, музыкалық шығармалардың көркемдік орындаушылығын шыңдайды. Әр аймақтың дәстүрлі мектеп мақам-саздарын білу, өз бетінше жұмыс жасауды үйретеді. Ноталық сауаттылықты бірден оқып үйрену қабілетіне, мүмкіндігіне, дайындық дәрежесіне байланысты аспаппен ән айтуға баулиды.	ON 1 ON -2 ON 12
AVN 3314 Академиялық вокал негіздері	Академиялық вокал - кәсіби деңгейдегі ән салудың рухани үрдісі. Әншінің педагогикалық орындаушылық принциптерін, дауыспен жұмыс жасау әдістемесін жетілдіреді. Вокалдық орындаушылықтың мәдениеті мен жеке ән айту және ансамбльде ән айту ережелеріне сипаттама береді.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
DA 3314 Дауысты әрілеу	Әр дәуірдің, әр стильдегі, әр жанрдың музыкасын, эмоциялық, ойлап қабылдау, композитордың жазған шығармасының көркемдік негізіне сезімталдықпен, ұқыптылықпен қарауға үйретеді. Ән авторының түпкі ойын ұғынуға және оны басқа да тәсілдермен көрсетуге мүмкіндік береді. Студенттерге сапалы білім беріп, жоғары музыкалық мәдениетті маман етіп тәрбиелейді.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13
DA 3314 Дауысты реттеу	Әншілік тыныс алудың негізгі ережелерін пайдалана отырып, дауыста вокалды-техникалық жағынан жетілдіреді, резонаторлар және артикуляциялық аппарат жұмыстарын жүргізеді. Вокалды-педагогикалық білімін нығайта отырып, академиялық ән салу мәнерінің әдістемесін үйретеді. Музыка арқылы оқу тәрбие процесіндегі іс-шараларды өткізуге дайындайды.	ON 1 ON -2 ON 11 ON 13

Ф-19-06/08

2. ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ

2.1. Оқу үдерісін ұйымдастыру кестесі

Семестр		1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр	5 семестр	6 семестр	7 семестр	8 семестр	9 семестр	Всего
Теориялық оқыту		30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	20 кр	20 кр	20кр	240 кр
		15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	10 апта	10 апта		110 апта
Сессия		3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	2 апта	2 апта		22апта
Кәсіби практика	Оқу		/2 кр								/2кре
	Педагогикалық (үздіксіз)				/2 кр	/3кр	/3 кр				/8кр
	Педагогикалық(өндірістік)									8 кред	8 кред
	Дипломалды									8 апта	8 апта
			/2 апта		/2 апта	/3апта	/3 апта				
Қорытынды аттестация										12кр	12 кр
										7 апта	7 апта
Демалыс		4 апта	12 апта	4 апта	12 апта	4 апта	12 апта	1 апта	1 апта	-	50 апта
Семестр		30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	20 кр	20 кр	20кр	240 кр
		22 апта	30 апта	22 апта	30 апта	22 апта	30 апта	13 апта	13 апта	15 апта	197 апта
Оқу жылы		30кр	30	30кр	30кр	30кр	30кр	20кр	20кр	20кр	240 кр
		52 апта		52 апта		52 апта		41 апта			197 апта

Ф-19-06/09

2.2. Оқытудың әдістері мен құралдары

Технологиялық карта

№	Құзыреттер	Оқыту формалары	Оқытушы әрекеті (әдісі)	Білім алушы әрекеті (әдісі)	Бақылау формалары	Менгеру нәтижесі
1	КҚ 1; КҚ 2; КҚ 3; КҚ 4; КҚ 5; КҚ 6; КҚ 7; КҚ 8;	1. Лекция. 2. Семинар. 3. Курстық жұмыс бойынша семинар. 4. Практикалық курс бойынша семинар. 5. Практикалық жұмыстар. 6. Оқытушы басшылығымен жұмыс. 7. Өзіндік жұмыс. 8. Өндірістік практика. 9. Тәжірибелік зерттеулер. 10. Жоба бойынша жұмыстар.	1. Кеңес беру. 2. Практикалық сабақтар. 3. Мастер класс. 4. Өндірістік жұмыстар.	1. IT әдісі; кітапханадан, Интернет желісіндегі материалдарды іздеу. 2. Әдебиеттерді шолу. 3. Кәсіби дағдыларға жаттығу. 4. Қажетті зерттеулер жүргізу және эссе, т.б. жазу.	1. Тест (психологиялық тест). 2. Емтихан. 3. Презентация. 4. Талдау (мәтінді және басқа да мәліметтерді). 5. Эссе. 6. Практика тапсырмалар 7. Жұмыс нәтижелерін қорғау.	Білім: - білу; - түсіну; - қолдану; - талдау; - бағалау; - жинақтау.

3. Оқыту нәтижелерін бағалау

Ф-19-06/10

3.1. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

Деңгейлер	Критерийлер
-----------	-------------

	90-100 (A; A-)	70-89 (B+; B; B-; C+)	50-69 (C; C-; D+; D-)	FX(25-49)	F (0-24)
Білу	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын есте сақтағанын және оны қайта айтып беретінін көрсетеді.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын есте сақтағанын толықтай көрсете алмайды.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын шектеулі есте сақтағанын көрсетеді.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын өте аз мөлшерде есте сақтағанын көрсетеді.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын мүлде есте сақтамағанын көрсетеді.
Түсіну	білім алушы оқу материалдарын толық түсінгендігін көрсетеді.	білім алушы оқу материалдарын аз мөлшерде түсінгендігін көрсетеді.	білім алушы оқу материалдарын шектеулі/жартылай түсінгендігі туралы мағлұмат береді.	білім алушы оқу материалдарын толықтай түсінбегендігі туралы мағлұмат береді.	білім алушы оқу материалдарын мүлде түсінбегендігі туралы мағлұмат береді.
Қолдану	оқу материалын түсінумен оны жаңа жағдаяттарда пайдалануды толық көрсетеді.	оқу материалын түсінумен жаңа жағдаяттарда оны толық пайдалана алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын шектеулі/шала түсінумен жаңа жағдаяттарда оны толық пайдалана алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын шектеулі түсінумен оны жаңа жағдаяттарда толықтай пайдалана алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын оны жаңа жағдаяттарда мүлдем пайдалана алмайтынын көрсетеді.
Талдау	оқу материалын/тапсырманы талдауды толық көрсете алады (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы аз ғана қателіктермен талдай алатынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы шектеулі/жартылай талдай алатынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы толықтай талдай алмайтынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы мүлдем талдай алмайтынын көрсетеді.
Бағалау	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан толықтай бағалауды көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан аз ғана қателіктермен бағалай алатынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан шектеулі/жартылай бағалай алатынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан толықтай бағалай алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан мүлдем бағалай алмайтынын көрсетеді.
Құрастыру	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) құрастыруды толық көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) аз ғана қателіктермен құрастыра алатынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) шектеулі/жартылай құрастыратынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) толықтай құрастыра алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын мүлдем құрастыра алмайтынын көрсетеді.

3.2. Оқыту нәтижелерін бағалаудың жалпы ережелері

1. Әр пәнді (модульді) оқыту барысында меңгерілуі тиіс құзыреттерге қатысты соңғы нәтижелері пән оқытушысы тарапынан семестр бойы жүйелі түрде бақыланып, бағаланып отырады. Ол үшін кафедра меңгерушісі, пән координаторы/оқытушысы тараптарынан алдын-ала келесі шаралар жүзеге асырылады:

- 1.1 Пәннің мақсаты мен міндеттеріне оқыту формаларына, оқытудың соңғы нәтижелері және меңгерілуі тиіс құзыреттердің ерекшеліктеріне қарай оқытушы мен білім алушының элементтері, оқыту әдістері және ағымдық бақылау формалары таңдалады, пән силлабусында көрсетіледі.
- 1.2 Таңдалған бақылау формаларының пәнге қатысты маңыздылықтары ескеріле отырып семестрге тиесілі 100 балдық ұпай бақылау формаларына (теңдей бөлінуі шарт емес) бөлінеді, пән силлабусында көрсетіледі.
- 1.3 Әр бақылау формасының семестр бойы қайталану саны (күнделікті, әр аптада, семестрде 1, 2 немесе 3 рет т.б.) анықталады және формаға тиесілі ұпай біркелкі бөлінеді, пән силлабусында көрсетіледі.
2. Семестр барысында кафедра меңгерушісі, пән координаторы/оқытушысы тараптарынан келесі шаралар жүзеге асырылады:
- 2.1 Білім алушылардың бақылау формалары талаптарын семестр бойы жүйелі түрде орындауы ұйымдастырылады және орындау нәтижелері өз уақытында бағаланып отырады.
- 2.2 Жеке алынған бақылаудың бағасы 1.3 бапта көрсетілген ұпайдан артық бола алмайды және міндетті түрде орындалған жұмыс/ меңгерілген құзырет деңгейіне байланысты максимал ұпайдың сәйкес бөлігін құрайды.
- 2.3 Пәндер бойынша бақылау нәтижелері әр апта сайын білім алушымен, семестріне екі рет кафедра мәжілісінде және факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, білім беру сапасын жақсарту шаралары қабылданады.
- 2.4 Семестр соңында білім алушының пән ішіндегі бақылау формаларының барлығы бойынша жиынтық ұпайы анықталып, университеттің “Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі” талаптарына сәйкес аралық аттестацияға жіберу/жібермеу жайлы шешім қабылданады.
- 2.5 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар "A"-дан "D"-ға дейін азаю арқылы және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") балдармен бағаланады.
- 2.6 "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің/модулдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие.
- 2.7 "F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады. ["Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығы.
- 2.8 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің тәртібін ЖОО өзінің академиялық саясатына және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шәкілі және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша белгіленеді.

2.9 Тілдер бойынша (шет тілі, қазақ, орыс) білім алушылардың оқудағы жетістіктері бағалаудың деңгейлік үлгіге және ECTS (иситиэс) дәстүрлі бағалар шәкілене сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Тілді меңгеру деңгейі жалпыеуропалық шет тілді меңгерудің құзыретіне (A1, A2, B1, B2, C1, C2) сәйкес болады.

2.10 Білім алушы ЖОО-дан келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілігі;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) Ішкі тәртіп қағидалары мен ЖОО жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
- 5) өз еркімен.

2.11 Білім алушы аралық аттестаттау кезінде оқу пәні (модуль) бойынша емтиханды екі реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі.

Үшінші рет "қанағаттанарлықсыз" бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағасын алғанда, білім алушы қаншалықты "қанағаттанарлықсыз" бағасын алуына қарамастан ЖОО-дан оқудан шығарылады және осы пәнге қайтадан жазылу мүмкіндігінен айырылады. Бұл ретте, білім алушы өз қалауынша басқа ЖОО-ға және (немесе) басқа білім беру бағдарламаға ауысады. Білім алушы өз қалауынша жалпы білім беретін пәндер циклінен басқа, "қанағаттанарлықсыз" бағасын алған пәні мазмұнында болмайтын басқа білім беру бағдарламасына ауысады. ЖОО-дан оқудан шығарылған білім алушыға ЖОО бірінші басшысы қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт беріледі. Транскрипте білім алушы игерген барлық оқу пәндері және (немесе) қорытынды бақылау (емтихан) бойынша барлық алынған бағалар, оның ішінде "қанағаттанарлықсыз" бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағалары міндетті түрде жазылады. [Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

4. САРАПТАУ ПАРАҒЫ

Білім беру бағдарламасы мәжілістерде қаралып, бекітуге ұсынылды.

«Педагогикалық-ғылымдар» факультетінің кеңесінде талқыланып, қаралды. Хаттама №10 «21» 04 2021 ж.

Факультет деканы _____ А.А.Керімбекова.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралды. Хаттама №5 «21» 04 2021ж.

Кеңес төрайымы _____ Куланова С.Ш.

Сарапшылар

№	Аты-жөні, тегі	Қызметі	Қолы/ мөрі	Байланыс деректері
1.	Баратов Е.Б.	Шымкент қаласы №102 Жалпы орта мектебінің директоры	директор	8 725 253 34 33
2.	Кирбасов Д.Д.	Шымкент қаласы Оразбай атындағы №115 НОМ директоры	директор	8 725 255 59 39

